

КӨККЕ САМҒАП ҰША БІЛСІНШІ СҰҢҚАРЫМ

«Көкке самғап ұша білсінші сұңқарым,
Біраз жайттарды айтқым келеді,
шырқағым.

Ойлана қарап, отырғанымда бұл күні,
Көңілдің ашып, жырлағым келді сыр-
ларын», – деп, қара шаңырақтың дамуы
жайында біраз сөз өрбітсем деп отырмын. Әл-
Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері DEPO
Evolution Park үлгісімен Қазақстанның барлық
қалаларында жастарды қолдау бойынша
арнайы орталықтарды құруды ұсынды. Бұл
орталықтар Алматының орталығында Әуезов
және Наурызбай аудандарында бұрынғы трам-
вай депосының орнында «Рухани жаңғыру»
бағдарламасы аясында ашылған. Мұндай
ұсыныс ҚР Қоғамдық даму вице-министрі
Сергей Коноваловтың ҚазҰУ студенттерімен
кездесуі барысында айтылды.

Кампустың инфрақұрылымымен таны-
су барысында вице-министр университеттің
соңғы және жаңа цифрлық инновацияларын
атап өтті. Айта кету керек, ҚазҰУ оқу үдерісінде
және жалпы университеттің қызметін
басқаруда көрсетілетін қызметтердің сапасын
жақсартатын цифрлік технологиялар енгізген.
Бұл өз кезегінде университеттегі білім беру
жүйесінің барлық ұстанымдары бойынша және
әлемдегі беделді рейтингке ие үздік ЖОО-лар
арасында алға жылжуда оң ықпал етеді.

ҚазҰУ жан-жақты компаниялармен серік-

тес екені бізге белгілі. Соның ішінде, «Рухани
жаңғыру» аясында болып жатқан, Кампус тур
болып табылады. Кампус тур барысында вице-
министр жағдаяттық басқарма орталығының
жұмысыментанысты. ҚазҰУ-дың стратегиялық
серіктесі Microsoft пен бірлесе университет
«Microsoft Power BI» бизнестің сараптамалық
талдауларының бұлттық сервисін енгізген.
Компания университеттің қазіргі заманауи
ақпараттық технологияларды дамыту мен оны
кеңінен пайдалануын жоғары бағалап, бұл ту-
ралы бейнефильм түсіріп ресми сайттарына
жариялаған болатын.

«Керемет» СҚКО, әл-Фараби кітапханасы
және «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесін
аралаған вице-министр Сергей Конова-
лов студенттермен кездесіп, «Келесі жыл-
ды Мемлекет басшысы Жастар жылы деп
жариялағанын еске салды. Осыған байланы-
сты Министрліктің және бүкіл қоғам алдын-
да Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында
қойылған міндеттерді жүзеге асыруда көп
еңбекті талап ететін үлкен жұмыс күтіп тұр»,
– деді вице-министр. Кездесу барысында
бағдарламалар мен жастар саясатын дамы-
ту бойынша оң нәтижелерге қол жеткізуде
көптеген мәселелер көтеріліп, талқыға са-
лынды.

ШИНТЕМИРОВ А., БЕЛИСАРОВА Ф.Б.

МАҚАЛАНЫ ШЫҒАРУҒА АРНАЛҒАН БАЗА

Адам табысқа қол жеткізу үшін, оның жан-жақты болуы шарт. Әсіресе, университет қабырғасында жан-жақтылық керек болары хақ. Соның ішінде студенттерге көп қажеттілік туғызатын Thomson Reuters базасы. Thomson Reuters-бұл ұғымды бірі білсе, енді бірі біле бермейді. Осы тұрғыда бұл мақаланы осыған арнағанды жөн көріп отырмын. Қазіргі таңда еліміз, жалпы әлем күн өткен сайын даму үстінде. Сол себепті, даму барысында бұндай бағдарламалар кімге де болсын керек. Енді бұл не база, деген сұрақ туындап отырған болар? Жалпы, ЖОО-на түскен студент төртжылдық білім алып, дипломын қорғап шығады. Сол дипломды жазарда ол ізденісте болады, яғни бірнеше ғылыми мақалаларды ақтарады, кітаптарды қарайды. Соның бәрін біріктіріп, өзінің нақты бір мәселесін жазып шығады. Енді сол мақалалар, басылымдар, жалпы негізгі кілт сөздерді басқа да тұлғалар қолданған ба, не болмаса сенің мақалаң өзгеніңкіне қатты ұқсас емес пе, деген сұрақ туындайды. Міне, осы тұрғыда Thomson Reuters базасы сізге көмектеседі. Ол жерге өзіңіз қай жерді, болмаса қай сөздің әлемде неше мақала болып жарық көргенің көргіңіз келсе, сол базаға жазып, іздеп көрсеніз тауып берері сөзсіз. Thomson Reuters жайлы қысқаша түсініктеме, міне осылай. Енді осы саланы студенттерге үйірме ретінде ашып, осымен нақты айналысып, біраз адамға көп көмегін тигізіп жүрген адамдар бар. Ол кісілер кімдер? әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің физика-техникалық факультетінің аяулы ұстаздары осы салада үйірме ашып, студенттерге пайдасын көрсетуде. Бұл, әрине, көңілге қонымды дүние. Себебі, жастар біздің болашағымыз, олардың білімді, жігерлі болуы біздің берген тәрбиеміз бен біліміміздің арқасында деп білемін.

Сол үшін мұндай үйірмелер, жастарға арналған шаралардың көптеп болғаны абзал. Болашаққа үлкен үмітпен қадам басудың өзі осындай кішкене бастамалардан құралады. Сол үшін еш өкінішсіз алға қарай жүрген жөн. Мақсат, арман, ой, қиял бәрі бірімен-бірі ұштасып жатыр. Тек соны дұрыс қолдана алсаң болғаны.

Қайрат Ғибадат, Құрбанғалиев Ұлан, Сарсембаева Айғаным

ЖАСУШАЛЫҚ МАКРОМОЛЕКУЛАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ РӨЛІ

Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі М.Ә.Айтхожин жасушалық макромолекулалардың (нуклеин қышқылдары мен ақуыздың) синтезі саласында өте маңызды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Міне, осы және басқада қызықты мәліметтер өте көп. Себебі, қазіргі таңда бұл сала өз дамуын жалғастыруда. Шешілмеген мәселелер көп. Сол тұрғыда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұстаздары Таукенова А.С., Мырзақұл Т.Р. өз жұмыстарын жалғастыруда. Онымен қоса, студенттерге осы саланы түсіндіруде. Яғни, нуклеин қышқылдары биологиялық тұрғыдан маңызды рөл атқарады. Олар тірі организмдердегі генетикалық ақпаратты сақтайтын және тасымалдайтын жасушаның (жасушаның) маңызды құрам бөліктері болып табылады. Нуклеин қышқылдары ақуыз биосинтезіне қатысады және тірі организмдерде тұқым қуалаушылықты сақтап, оның бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. ДНҚ жасуша ядросының хромосомасында (99%), рибосомаларда және хлоропластарда, ал РНҚ ядрошықтарда, рибосомаларда, митохондрияда, пластидтер мен дитоплазмада кездеседі.

Олар жасушаның қай бөлігінде шоғырланса, соған байланысты қызмет атқарады. Жоғарыда айтылғандай, ДНҚ организмдегі тұқым қуалаушылық ақпаратты сақтайтын гендердің құрылыс материалы болып табылады. Ал РНҚ үш түрлі болғандықтан: рибосомдық (р-РНҚ); тасымалдаушы (т-РНҚ) және ақпараттық (а-РНҚ) әр түрлі қызметтер атқарады. ДНҚ мен РНҚ қызметтері 1940 жылдардан бастап анықталып, түрлі биологиялық тәжірибелер арқылы дәлелденген. Осы зерттеулер нәтижесінде молекулалық генетика ғылымы жедел дами бастады.

Сол себепті, оларға айтпағымыз, жұмыстарыңыз алға баса берсін демекпіз.

Құсайынова Диана Ерланқызы, Қадырханова Ақжан Абайқызы,
Сарсембаева Айғаным Тнысбековна

ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

Студенттер белсенді боп бастады,
Ұстаздары барлығында қоштады.
Бітіргенде мықты маман шығатын
Ол әрине, ҚазҰУ-ның жастары!

«Бұрынғы заманнан бері қазақ атамыз
«Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген
сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі
бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр.
Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман.
Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен,
білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік.
Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата
білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық
қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр
қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз
өмір тұл», – деп атап өтті Елбасы.

«Жастар – болашаққа апаратын алтын
көпір» дейді дана халқымыз. Өрбір өскелең
ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай
қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің
әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы
қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси
өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге
деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байла-
нысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жа-
старды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын
қалыптастыру және ақпараттық-саяси
мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға
тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін
ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында
ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің
бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз
елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек
қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел
сенімін, үмітін ақтау – жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие
берудің бағдарлы идеяларын Елбасы
Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты
еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын
бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен неме-
релеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай
отырып қазіргі заманғы нарықтық экономи-
ка жағдайында жұмыс істеуге даяр болады.
Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын
қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші
ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын
болашағы үшін қандай да бір іс тындыруға мін-
детті екенімізді естен шығармайық! Сонымен
қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі
таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен
өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі,
олардың бойындағы қайсарлықты, шабыт-
ты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды
таңқалдырар адам болады дейміз.

Оразбек Балнұр, Мәліған Есімбек,
Сарсембаева Айғаным

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАР

Қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасы «Ағылшын тіліндегі мерзімді ғылыми басылымдар» атты үйірмеге ат салысып кірісуде. Ол үйірмені сізге келер пайдасы өте көп. Сіз дипломдық жобаның баиланысты қандай мақалалар, өзге де ақпараттар жайын біле аласыз.

Енді осы тұста, үштілділікке қатысты өз пікірімізбен бөліссем. Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмауы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек» деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Ана тілімізді білу, онымен еркін сөйлеу ол мақсат емес, міндет. Қазіргі таңда бұл жағдай бір мәселеге айналып отырған секілді. Ал өзге тілдер, әсіресе, халықаралық ағылшын тілі, біздің болашағымыз үшін, мақсаттарымыздың орындалу үшін үйренілуі керек тіл. Ғылыми конференциялар, ғылыми мақалалар бәрі қазірге таңда ағылшын тілінде шығарылуда. Сол себепті, даму үстіндегі ел болғандықтан, еліміздің өркендеуіне септігімізді тигізгіміз келсе, ағылшын тілін білуіміз қажет. Сөзімді қорытындылай келе, ана тілімізде әдеби сөйлеп, өзге тілдерді үйреніп, жан-жақты азамат бола білейік!

Мұқанқызы Ақмарал, Нұржұма Сәуле, Сарсембаева Айғаным Тнысбековна

АРМАНЫМ ЖАЙЛЫ БІРЕР ОЙ

Үйреттіңіз мына бізге бәрін де,
Бұл өмірдің жапа сондай сәнін де.
Қоса оған жалықпай еш айттыңыз
Бөледіңіз бізге білім нәрін де!

Бұл мақалаға мен еш ойланбай кірістім. Себебі, бұл тақырып ойыма келгенде кімдер жайлы жазарым да анық еді. Ол әрине, біздің аяулы ұстаздарымыз.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан білімнен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас. Сөзімнің жалғасы ретінде мына бір өлең жолдарын сол тұлғаларға арнағым келеді.

Бұл кафедра сонымен қоса бірнеше жобалармен айналысады. Робот жасау, Атом жобасы, Жалпы салыстырмалық теориясы және тағы да басқа тақырыптар бойынша көкейде жүрген сұрақтарды осындағы кез-келген кісіге айтсаның қол үшін берері хақ. Бұл кісілерге қатысты айтылатын әңгіме өте көп. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Уәлихан Алмағұл Шоқанқызы, Мамедхан Мариям Ибраимқызы, Сарсембаева А.Т.